

Ұзынкөл ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 30 қазандағы № 8 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 қарашада № 8736 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Ұзынкөл ауылы халқының пікірін ескере отырып, Қостанай облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 14 маусымдағы қорытындысы негізінде Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұзынкөл ауылындағы құрамдас бөліктерді қайта атау:

- 1) 60 лет Октября көшесі Өркен көшесі;
- 2) 70 лет Октября көшесі Келісім көшесі;
- 3) Совхозная көшесі Самал көшесі;
- 4) Автомобилистов көшесі Тұлпар көшесі;
- 5) Медгородок көшесі Мерей көшесі;
- 6) Рабочая көшесі Шапағат көшесі;
- 7) Строительная көшесі Көктем көшесі;
- 8) Химиков көшесі Арай көшесі;
- 9) Набережная көшесі Хәкімжан Наурызбаев атындағы көше болып қайта аталсын.

2. "Ұзынкөл ауданының Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Ұзынкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К. Нурмагамбетов